

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Тау-кен ісі» кафедрасы

Сулайманова Асель Гаппаровна

Жезқазған кенорнының «Аненск» кенішінің негізгі бас оқпанын салу  
технологиясын жобалау

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B070700 «Тау-кен ісі» мамандығы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Тау-кен ісі» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі,  
техн.ғыл.канд., асоц. профессор

\_\_\_\_\_ К.Б.Рысбеков  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: Жезқазған кенорнының «Аненск» кенішінің негізгі бас оқпанын  
салу технологиясын жобалау

5B070700 «Тау-кен ісі»

Сулайманова Асель Гаппаровна

Ғылыми жетекші:  
техн. ғыл. докторы, профессор  
\_\_\_\_\_ А. Бегалинов  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Тау-кен ісі» кафедрасы

5B070700 «Тау-кен ісі»

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі,  
техн.ғыл.канд., ассоц. профессор

К.Б.Рысбеков

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Сулайманова Асель Гаппар қизи

Тақырыбы: Жезқазған кенорнының «Аненск» кенішінің негізгі бас оқпанын салу технологиясын жобалау.

Университет ректорының 2020 жыл «27» қаңтар №762-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі: 2020 жылдың «06» мамырына дейін.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Жезқазған кенорны «Аненск» кеніші аймағының тау-кен геологиялық, гидрогеологиялық, тау-кен техникалық шарттарына және жерасты тау-кен қазбалары салынатын массивтерінің физико-механикалық қасиеттеріне, кернеулі-деформациялық шарттарына талдаулар жасау керек; Кенорнын ашу сұлбаларына, кеніштің қазіргі кезге дейін салынған күрделі, дайындық және кенді тазартпалап қазу жұмыстарына арналған тау-кен қазбаларына, сонымен қатар, алдағы кезеңдерде салынатын тау-кен қазбаларының салыну жобаларына сараптамалар жасау керек; Оқпан қазбасының тереңдігі  $H=530$  м., қазбаның салынатын жалпы диаметрі  $d=7$  м. Таужыныстары массивінің сипаттамалары: Алевролитті, аргиллитті сұр құмтасты таужыныстарының бекемдік коэффициенті  $f=12$ , таужыныстары орташа-жарықшақты, құрылымдық әлсіреу коэффициенті  $K_c=0.8$ , көлемдік тығыздығы  $\gamma=2450$  кг/м<sup>3</sup>, қопсу коэффициенті  $K_c=1.6$ , су келімі – 2,6 м<sup>3</sup>/сағ., Пуассон коэффициенті  $\mu=0,29$ . «Оқпан» қазбасы құрылысының басқа да кейбір деректері, өндірістік нысан орналасқан ауданының инженерлік-геологиялық және тау-кен-техникалық мәліметтері бойынша алынады.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Жезқазған кенорны «Аненск» кеніші аймағының инженерлік-геологиялық және тау-кен техникалық сипаттамаларына талдаулар жасау;

ә) «Аненск» кенішінің «Оқпан» қазбасы салынатын сілемнің орнықтылық көрсеткіштеріне, таужыныстары сілемдерінің кернеулі-деформациялық шарттарына сараптамалық зерттеу жасау керек;

б) «Оқпан» қазбасын өтуге арналған ұңғымалық кешенді жабдықтарды, жарылғыш заттардың түрін, жару құралдарын таңдау және бұрғылау-жару жұмыстарының паспортын есептеп жасау, қазбаны өту технологиясын жобалау;

в) Қазбаны өту жұмыстарын ұйымдастыру және оның экономикалық көрсеткіштерін есептеу;

г) «Оқпан» қазбасын өту (салу) процесстері кезіндегі еңбек қауіпсіздігін сақтау шаралары.

Сызба материалдарының тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): Дипломдық жобада – геологиялық қималар мен ашу сұлбалары, қазбаны өтудің технологиялық сұлбалары мен сызбалары, тау-қысымдарын есептеу сұлбалары, БЖЖ-ның паспорты, жару торларын жалғау сұлбалары, техника-экономикалық көрсеткіштер, циклдық графиктер және т.б. қажетті кестелер мен сызбалар – А3 форматтағы 4 сызба (Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасына ҚОСЫМША ретінде тіркеледі).

Түсіндірме жазба 30 беттен кем емес және артық болмағаны дұрыс. Дипломдық жоба Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің нормативтік құжаты 2017 стандарт талаптарына сәйкес жазылуы керек.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 9 атау.

1) Ә. Бегалинов. «Тау-кен ісінің негіздері», Алматы, «ҚазҰТУ», 2016. -730б.

2) Ә. Бегалинов. «Шахта және жерасты ғимараттары құрылысының технологиясы», II –том, «ҚазҰТУ», 2011. -432б.

3) Жәркенов М.І. «Жерасты ғимараттарының механикасы және бекітпелердің конструкциялары» Оқулық, Алматы, ҚазҰТУ, 2007ж. 211б.

4) Вьяльцев М.М. Технология строительства горных предприятий в примерах и задачах. Учебное пособие для вузов. Москва, Недра, 1989, -240 с;

5) Әлменов Т.М. Жерасты ғимараттары құрылысының арнайы әдістері. Оқу құралы, ҚазҰТУ, Алматы. 2012;

6) Шехурдин В.К. Задачник по горным работам, проведению и креплению горных выработок. Учебное пособие. М.: Недра, 1985, -240 с;

7) Правила промышленной безопасности при ведении работ подземным способом. МЧС РК РГП НИИЦ. – Астана, 2008. -392с.

8) Қабылбеков М. Г. «Кәсіпорын экономикасы», ҚазҰТУ, 2002. -186 б.

9) РМК СТ 38944979-09-2017. Дипломдық жобаны жазу және рәсімдеудің стандарттық талаптары.

Дипломдық жобаны дайындау  
**КЕСТЕСІ**

Бөлімдердің атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жезқазған кенорны «Аненск» кеніші аймағының инженерлік-геологиялық және тау-кен техникалық сипаттамалары	16.03.2020ж.	
«Оқпан» қазбасын өту (салу) технологиясын жобалау	06.04.2020ж.	
«Оқпан» қазбасын өтуді (салуды) ұйымдастыру және қазбаны өтудің экономикалық көрсеткіштерін есептеу	27.04.2020ж.	
Жерасты тау-кен қазбаларын өтудегі еңбек қауіпсіздігін сақтау шаралары	04.05.2020ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған **қолтаңбалары**

Тараулар	Кеңесші	Мерзімі	Қолы
Геологиялық бөлімі	Бегалинов А., техника ғылымдарының докторы, профессор		
Арнайы бөлімі	Бегалинов А., техника ғылымдарының докторы, профессор		
Экономика бөлімі	Бегалинов А., техника ғылымдарының докторы, профессор		
Қазба өтудегі еңбек қауіпсіздігі бөлімі	Бегалинов А., техника ғылымдарының докторы, профессор		
Норма бақылаушы	Б.Қ.Бектұр, техника ғылымдарының магистры, лектор		

Ғылыми жетекшісі,  
техн.ғыл.докторы, профессор

Бегалинов А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Сулайманова А.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

## **АНДАТПА**

Дипломдық жобада Жезқазған кенорнында орналасқан «Аннеск» кенішінің негізгі бас оқпанын салу технологиясын жобалау қарастырылған.

Жобаның жалпы бөлімінде құрылыс жұмыстары жүретін алаңының геологиялық сипаттамалары көрсетілген және бас оқпан қазбасын өтуге тиімді құрылыс технологиясымен оған қажетті құрал-жабдықтар таңдалған. Сонымен қатар бас оқпан қазбасын өткен кездегі бұрғылап-аттыру жұмыстарының параметрлері есептелді, тиіп-тасымалдау жұмыстары мен бекітпелеу жұмыстары қарастырылған.

Дипломдық жобаның арнайы бөлімінде қазба жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру және циклдік график құрудың көрсеткіштері есептеліп, оның негізгі параметрлері анықталған. Бас оқпан қазбасы құрылысының экономикалық көрсеткіштері анықталған.

## **АННОТАЦИЯ**

В дипломном проекте рассмотрена проект строительства главного ствола рудника «Аннеск» Жезказганского месторождения.

В общей части проекта приведены геологические характеристики района строительства и выбор проходческого оборудования. Определены основные параметры буро-взрывных работ, рассчитаны и определены технологические параметры строительства главного ствола.

В специальной части дипломного проекта рассмотрена организация работ при проходке и определены параметры циклограммы. Определены экономические показатели строительства главного ствола.

## **ABSTRACT**

In the degree project considered the technology of building main stem mine «Annesk» of the Zhezkazgan field is considered.

In general part the project giving geological characteristic region building and choice of equipment. Spotting the main parameters of withered-explosive work, to driving and spotting the technological parameters of the building main stem.

In special part the project considered the organization of work by to driving and spotting the parameters chart of cycle. Spotting the economic indexes of the building main stem.

## Мазмұны

Кіріспе	8
1 «Аненск» кенорнының инженерлік-геологиялық сипаттамалары	9
1.1 Кен орнының географиялық шарттары	9
1.2 Кен орнының геологиялық сипаттамалары	9
1.3 Кен орнының гидрогеологиялық шарттары	10
1.4 Кен орынның тектоникасы	10
2 Жезқазған кенорны «Аненск» кенішінің «Оқпан» қазбасын өту	11
2.1 Дайындық кезеңі	11
2.2 Оқпандардың пішіндері мен өлшемдері	14
2.3 Оқпанды өтудегі технологиялық схемалардың тиімдісін тандау	15
2.4 Оқпан аузын салу	16
2.5 Оқпанның ұзнабойының бекітпесінің қалыңдығын есептеу	17
2.6 Атылғыш заттардың шығыны	19
2.7 Шпурлардың забойда орналасу схемалары	20
2.8 Шпурларды бұрғы қондырғыларымен бұрғылау	22
2.9 Электр желісінің жалғану сұлбалары және оны есептеу	24
2.10 Оқпанды желдету	25
2.11 Таужыныстарын тиеу	26
2.12 Оқпанға бекітпе орнату	29
2.13 Қазбаны өту циклдық көрсеткіштері және жұмысты ұйымдастыру	29
3 Оқпан өту жұмыстарын басқару және оның экономикасы	30
3.1 Шахта жұмыскерлерінің жұмысрежимі	30
3.2 Оқпан өтудегі қажетті материалдар шығыны	30
4 Еңбекті қорғау	33
4.1 Қауіпті және зиянды өндірістік факторларсараптамасы	33
4.2 Ұжымдақ шаралар	33
4.3 Техникалық іс – шаралар	34
4.4 Санитарлы-гигиеналық шаралар	34
4.5 Шаңмен күресу әрекеттері	34
4.6 Шумен күресу шаралары	35
4.7 Дірілмен күрес жолдары	35
4.8 Өндірістік жарақаттардың алдын алу шаралары	35
Қорытынды	36
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	37
Қосымшалар	38

## КІРІСПЕ

Табиғи ресурстардың әрелдің әлеуметтік – экономикалық өркендеуіне өте үлкен ықпал ететіні белгілі. Ол қоғамның материалдық және мәдени мұқтаждығын қанағаттандыру үшін қолданылатын адамзатты қоршаған табиғи ортаның ең маңызды құрауыштары (жер, жер қойнауы, орман, суресурстары және т.б.). Табиғи ресурстардың ішінде минералды шикізат ресурстарының орны өте ерекше, себебі әрел негізінен тек өзінің ғана ресурстарын пайдалану арқылы өзінің әлеуметтік – экономикалық проблемаларын шеше алады және ол ресурстардың көпшілігінің орны толмайтындығын біледі.

«Оқпандар құрылысының технологиясы» деп аталатын бірінші томында оқпан аузын (сағасын) қазу, оқпан құрылысын жүргізгендегі қолданылатын жабдықтар, бұрғылап-аттыру жұмыстарын жүргізу, желдету, таужыныстарын тиіп-көтеру, бекітпелеу, оқпан өту циклдерінің кестесін жасау, оқпанды тереңдету технологиялары сияқты маңызды мәселер қаралған.

«Оқпандар құрылысының технологиясы» оқулығы: «Тік оқпандарды салу», «Дайындық кезеңі», «Оқпандардың құрылысының технологиялық үлгілері», «Оқпанды бұрғылап-аттыру әдісін қолдана отырып салу», «Оқпандарды желдету», «Таужыныстарын тиеу», «Оқпан өтудегі көтерім қондырғылары», және т.с.с. өзара байланысты бірнеше бөлімдерден тұрады.



## 1. Геологиялық бөлім

### 1.1 Кен орнының географиялық шарттары

Жезқазған кенорны Орталық Қазақстанның оңтүстік батысында Қарағанды облысының Жезқазған қаласынан батысқа қарай 20 км қашықтықта орналасқан. Кенорны  $67^{\circ}22' - 67^{\circ}32'$  шығыс бойлық және  $47^{\circ}50' - 47^{\circ}55'$  солтүстік ендікте жатыр, аумағы 20 км<sup>2</sup>.

Жезқазған кенорны темір жолдармен Жарық, Жезқазған, Сәтбаев, Жезді қалашығымен байланысқан. Ауданының климаты континенттік шөлейтті және құрғақ далаға тән. Қаңтар - ақпан айларының төменгі температурасы  $-41 - 42^{\circ}\text{C}$ , шілде-тамыз айларында  $+38 + 48^{\circ}\text{C}$ . Орташа жылдық ылғалдылық 120 - 200 мм болады. Топырақтың мұздау тереңдігі 2 м-ге жетеді. Шығыс, солтүстік - шығыс, солтүстік бағыттағы жел басым. Желдің жылдық орташа жылдамдығы 4,3 м/с-ке тең.

### 1.2 Кен орнының геологиялық сипаттамалары

Кенорынның геологиялық құрылысына девон (D), карбон (C) мен пермь (P) жасындағы таужыныстар қатысады.

Девон қатқабаты (төменнен жоғары қарай) фран жікқабаты, ұйтас свитасы мен сульфидер горизонтынан тұрады. Фран жікқабаты қызыл құмтастар мен конгломераттардан құралған. Ұйтас свитасы қызыл конгломерат, құмтас, сұрқұмтас және карбонат таужыныстардан тұрады.

Карбон (C) қабаттары дельталық және континенттік жарылымдардан тұратын тасқұдық және жезқазған свиталарына бөлінген. Жалпы қалыңдығы 680м болытын екі кенді свита 10 горизонттан тұрады. Төменде орналасқан тасқұдық кенді свитасының қалыңдығы 257м және үш кенді: Тасқұдық (қалыңдығы 136м), Златоуст (70м) және Покро (42м) горизонттарынан тұрады.

Жезқазған кенді свитасының қалыңдығы 385 м, жеті кенді горизонттан тұрады: төменгі Раймунд (52м), орта Раймунд (34 м), жоғарғы Раймунд (57м), Кресто (62 м), Ақши (4 м), Анненск (66 м), және Спасск (60м).

Профессор Протодьяконов шкаласы бойынша тау жыныстарының беріктігі:

- сұр құмтастар	- 12- 16;
- қызыл құмтастар	- 8- 12;
- алевалиттер	- 8- 10;
- аргелиттер	- 5- 2;
- конгломериттер	- 10- 16 ;

көрсетілген кен түрлері арасында айқын шекара байқалмайды және олар бір-біріне өзара араласып жатыр.

### **1.3 Кеноргының гидрогеологиялық шарттары**

Кен орынының орналасқан аймағында жер асты сулары кең таралған. Олардың арасында жарықшақтық - булы сулар. Жалпы кен орныны жарықшақтық таралған жатыс жағдайымен геологиялық қимада байланысты. Олар құмтастар ішінде аралары қызыл алевролиттер мен аргелиттер қабаттры арқылы бөлінген бірнеше сулы горизонттар құрайды. Гидрогеологиялық сипаттамасының күрделілігі бойынша Жезқазған кен орны орташаға жатады. Жыныстардың су өткізгіштігі тау сілемімен тура байланыста болады.

Қазбаларға су келімі  $180-250\text{м}^3/\text{сағ.аспайды}$ . Химиялық анализдің көрсеткіші бойынша жер асты суларына жоғары минералогиялық көрсеткіштермен сульфидті агрессиясына тән.

Кенорны свиталарының, таужыныстарының су сіңіру қабілеті жарықшақтардың интенсивтілігі мен таралу тереңдігімен анықталады. Желденуден пайда болған жарықшақтар 70-80 м дейін таралады. Жарықшақтың одан жоғары тереңдікке тарайтын аудандарға флексуралар және жаралу бұзылыстары бар аудандар жатады.

### **1.4 Кен орынның тектоникасы**

Кембрийге дейінгі және палеозойдың метаморфтенген таужыныстарын жер бетінде шағын аудандарда, Есқұла күмбезінің аумағында жалаңаштанған кен орнынан солтүстік батысқа қарай 40 км шамасында. Төменгі құрылымдық қабаттың таужыныстары көбінесе 3-9км тереңдікте орналасып, меридиан осіне бағытталған, өте жақсы дамыған қатпарлармен сипатталады.

Мезозой және кайназой таужыныстары платформалық қабатты құрайды, қалыңдығы жұқа. Ауадан құрылымында төменгі қабаттарда көміліп жатқан жарылымдар кездеседі. Сондай-ақ жарықтардың бірі Шығыс Ұлытау-Жанай антиклиналінің шығыс жиегінде меридиан бағыты бойынша өтеді. Ол батыста Жезқазған синклиналінің Жанай антиклинине бөліп жатыр. Екінші ендік жарылым Жезқазған синклинін жағалауында өтіп жатыр. Жезқазған синклинін солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзындығы 40 км, ені 13 км жерді алып жатыр.

Жезқазған аймағында қатпарлар ұзақ мерзімде пайда болған. Жезқазған синклинін және басқа ұқсас қатпарлар төменгі карбонның соңынан басталып, жоғарғы палеозой кезеңінде дамыған. Пермь кезеңінде құрылымдар өзінің дамуын аяқтап кейбіреулері (Жезқазған синклинін) жоғарғы ретті құрылымдармен күрделенеді.

## 2 Жезқазған кенорны «Аненск» кенішінің «Оқпан» қазбасын өту (салу) технологиясын жобалау

### 2.1 Дайындық кезеңі

Оқпанның құрылысын бастаудың алдында бір қатар дайындық және ұйымдастырушылық шараларын жасау керек. Олардың құрамына: инженерлік - геологиялық зерттеулер (оқпан қиып өтетін тау-кен жыныстарын барлау); құрылыс алаңын инженерлік тұрғыдан дайындау; оған көлік жолдарын салу, электр энергиясы, су, канализация және байланыс жүйелерін тарту, құрылыс кезінде пайдаланылатын уақытша немесе тұрақты ғимараттар мен құрылымдар салу; құрылыс жүргізуге қажетті машиналарды, механизмдер мен жабдықтарды құру; керекті тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық нысандарды салу сияқты шаралар кіреді. Бұл жұмыстар – тау-кен кәсіпорнын салудың бірінші дайындық кезеңінде атқарылатын жұмыстар.[1]

Дайындық кезеңінің алдында мынадай бір қатар мәселелер шешіледі: тау-кен кәсіпорнының жобалық-сметалық құжаттарын талдау және ұғыну; құрылысқа жұмсалатын қаржы көздерін табу; болашақта құрылыс жүргізетін мердігерлік мекемелермен шарт жасау; материалдармен, техникамен және жабдықтармен қамтамасыз ететін мекемелермен маркетинг жұмыстарын жүргізу; құрылыс жүргізу үшін жер телімін заңдастыру; құрылысқа керекті жұмыс күштерін іздестіру.

Өндіріс алаңынан сырт жерде жүргізілетін жұмыстардың құрамына теміржолдар мен автокөлік жолдарының, электрэнергиясының жүйелері және олардың подстанцияларының, байланыс жүйелерінің, су құбырларының, таза рту құрылымдары бар канализация жүйесінің және т.б. керекті нысандар мен қондырғылардың құрылыстары кіреді.

Оқпанда орналастырылатын скиптердің саны мен түрін (типін) анықтау үшін оларды қолдану арқылы тасылатын жүктердің мөлшерін білу керек. Оны мына ретпен анықтайды:

Көтерім қондырғысының өнімділігі, т/сағ.:

$$Q_{\text{сағ}} = \frac{K_{\text{п}} \times A_{\text{ж}}}{N \times n} = \frac{1.3 \times 2.5 \times 10^6}{305 \times 18} = 600 \text{ т/сағ}} \quad (2.1.1)$$

мұнда  $K_{\text{п}}$  – көтерім қондырғысының жұмыс істеуінің тұрақсыздығын ескеретін коэффициент,  $K_{\text{п}} = 1,15 \div 1,5$ ;

$A_{\text{ж}}$  – кеніштің (шахта, рудник) жылдық өнімділігі, т/жыл;

$N$  – бір жылдағы жұмыс күндерінің саны (әдетте, жана кеніштерді жобалағанда немесе қайта жаратқандырғанда  $N=305$  күн).

$n$  – көтерім қондырғысының бір тәулікте жұмыс істейтін уақыты, сағ., ( $n=18$  сағ.).

Жыныс тиелген скиптің оқпан бойымен жылжу жылдамдығы, м/с:

$$V = 0.4\sqrt{H} = 0.4\sqrt{566} = 9.5 \text{ м/с} \quad (2.1.2)$$

мұнда  $H$  – көтеру биіктігі, м;

$$H = H_{\text{ст}} + H_{\text{п}} = 560 + 6 = 566 \text{ м} \quad (2.1.3)$$

$H_{\text{ст}}$  – шахта оқпанының тереңдігі, м;

$h_{\text{п}}$  – жүк қабылдап алатын алаңшаның, оқпанның аузынан бастап есептегендегі, биіктігі, м.

Скиптің орташа жылдамдығы, м/с:

$$V_{\text{ор}} = \frac{V}{1.4} = \frac{9.5}{1.4} = 6.7 \text{ м/с} \quad (2.1.4)$$

Скиптің оқпанның бойымен жылжууақыты (жылдамдығының өсуі мен бәсеңдеуін ескере отырып), с:

$$t_c = \frac{H}{V_{\text{ор}}} + 25 = \frac{560}{6.7} + 25 = 108.5 \text{ с} \quad (2.1.5)$$

Жүк көтерудің бір циклінің ұзақтығы, с:

$$t = t_c + \theta = 108.5 + 10 = 118.5 \text{ с} \quad (2.1.6)$$

мұнда  $\theta$  – скипке жүк тиеу және жүк түсіру кезіндегі үзілістердің ұзақтығы. Оның мәні скиптің жүк көтергіштік мөлшеріне байланысты болады. Жүк көтергіштік мөлшері 8 т дейінгі скиптерді қолданғанда  $\theta=8$  с, жүк көтергіштігі 8 т артық скиптер үшін  $\theta=10$  сек.

Бір сағаттағы көтерілім саны:

$$n_1 = \frac{3600}{t} = \frac{3600}{118.5} = 30 \text{ н} \quad (2.1.7)$$

Скиптің жүк көтерімділігі, т:

$$q_c = \frac{Q}{n_1} = \frac{600}{30} = 20 \text{ т} \quad (2.1.7)$$

Скиптің сиымдылығы, м<sup>3</sup>:

$$V_c = \frac{q_c \times k_k}{\gamma} = \frac{20 \times 1.6}{2.45} = 13 \text{ м}^3 \quad (2.1.8)$$

мұнда  $k_k$  – тау жынысының қопсу коэффициенті.;

$\gamma$  – тау жыныстардың сілемдегі тығыздығы, т/м<sup>3</sup>;

$q_c$  және  $V_c$  – мәндерін анықтаған соң, скиптердің типтік түрлерін сараптай отырып, скипті таңдап алады. Осының арқасында скиптің өлшемдерін де анықтайды. Тау-кен өндірісінде қолданылатын скиптердің стандартты сиымдылықтары: көмір тасу үшін – 11; 15; 20; 25; 35 м<sup>3</sup>, басқа тау-кен жыныстарын тасу үшін – 5; 7; 9,5; 11; 15 м<sup>3</sup>.

Адамдарды түсіріп-шығаруға және материалдар мен жабдықтарды түсіруге арналған көмекшіоқпандардың көлденең қимасының өлшемдері оларда орналастырылатын клеттің еденінің және саты мен кабель-құбыр бөлімшелерінің өлшемдеріне байланысты анықталады.

Клеттердің типі, саны және едендерінің жалпы аудандары осы шахтаға бір ауысымда түсіп-шығатын адамдарды 30 минутта тасуға мүмкіндік тудыруы керек.

Бір клетпен түсіп-шығатын адамдардың саны клеттің еденің 1 м<sup>2</sup> бес адам сияды деген ұғымнан анықталады.

Клеттің төмен түсуіне (көтерілуіне) жұмсалатын уақыт, с:

$$t_k = t_1 + t_0 = 118.5 + 30 = 148.5 \text{ с} \quad (2.1.9)$$

мұнда  $t_1$  – клеттің оқпан бойымен жүрууақыты. Оның мәні скиптердің түсіп-шығууақытын анықтайтын әдіспен табылады. Бірақ-та, клеттің жылдамдығы 12 м/с шамасынан аспауға тиісті.

$t_0$  – адамдарды клетке отыруғызуға (түсіруге) жұмсалатын уақыт, с.

Жерасты жұмыскерлерін бір ауысымда түсіріп-шығару кезінде мына теңсіздік сақталуға тиісті.

$$\frac{M}{m} t_k \leq 0,5, \text{ сағ};$$

мұнда  $\mu$  - жерастында бір ауысымда жұмыс істейтін адамдардың саны;

$$M = A_a / p;$$

мұнда  $A_a$  – бір ауысымда шығарылатын тау-кен жыныстарының көлемі, т/ауысым.

$p$  – бір жұмыскердің жұмыс өнімділігі, т/ауысым.

Клеттің еденінің 1 м<sup>2</sup> бес адам сияды деп алсақ, онда клеттің жалпы ауданына бір мезгілде сиятын адамдардың санын анықтауға болады.

$$m = 5 \cdot S = 5 \cdot 5 = 25 \quad (2.1.10)$$

Егер 5 адам клетке 5 секундта кіріп орналасады деп алсақ, онда:

$$t_k = t_1 + \frac{5m}{5} = 118.5 + 32 = 150.5 \text{ c} \quad (2.1.11)$$


мұнда  $m$  – клеттің, жалпы ауданына сиятын адамдардың саны;

Көтерім ыдыстары оқпанның бойымен жылжығанда бір-бірімен соғылыспауға және оқпанның армировкалары мен қабырғаларына ілікпеуге тиісті.

Оқпан өту барысында қолданылатын қондырғылардың өлшемдерін есе кереотырып, оқпан диаметрін 8000 мм етіп таңдамаймыз. Қолданылатын қондырғылар өлшемдері бірдей екісип және бір клет орналастырамыз

## 2.2 Оқпандардың пішіндері мен өлшемдері

у-кен өндірісінде қолданылатын тік оқпандардың көлденең қимасының пішіндері дөңгелек, төртбұрышты, эллипс тәрізді және қисық сызықты болады. Ең көп тарағаны – көлденең қимасының пішіні дөңгелек оқпандар. Себебі, олардың мынадай артықшылықтары бар: оқпанның жыныс қабырғалары берік тұрады; оқпанға пішін беру оңай; оқпанды бетонмен бекітпелеу жұмыстарын жоғары деңгейде механикаландырылған әдіспен жүргізуге болады; оқпан салудың негізгі технологиялық үрдістерін – шпурларды бұрғылау, жыныстарды алу және бекітпелеу жұмыстарын жоғары дәрежеде механикаландыруға мүмкіндік бар.



2.2.1 Сурет – Тік оқпандардың типтік қималары: теңелткіші бар клеть және екі скип орнатылған оқпан; 1 – электр кабельдері; 2 –  $\phi$  150 мм су құбырлары; 3 – дабыл беруге арналған кабельдер; 4 – телефон кабелі; 5 –  $\phi$  250 мм ақаба суларды кеніштен шығаруға арналған құбырлар; 6 – оқпанды салу кезіндегі көтерім ыдысы (бадья) мен желдетпе құбырларды орналастыру мүмкіндігі; 7 – сыйымдылығы 25 немесе 50 м<sup>3</sup> скиптер; 8 – сығылған ауа жүретін  $\phi$  350 мм құбырлар. 9– сыйымдылығы 9,5

немесе 11 м<sup>3</sup> скип; 10– газ сейілткіш  $\phi$  250 мм құбырлар; 11– сиймдылығы 15 немес 20 м<sup>3</sup> скип; 12– скиптер; 13– клеть; 14– бақылаушылар қатынайтын көтерім; 15– клеттің теңелткіші; 16– оқпанның саты бөлімшесі; 17– скиптердің теңелткіші

2.2.1-суретте таза диаметрі 7,5 м, жүк көтергіштігі 25 т екі скиппен және теңелткіші бар екі қабатты клетпен жабдықталған типтік шахта оқпаны көрсетілген. Сонымен қатар бұл типтік шахта оқпанында саты бөлімшесі және бақылаушылар көтерілетін теңелткіші бар (инспекторлық) көтерім де орналастырылған[1].

### **2.3 Оқпанды өтудегі технологиялық схемалардың тиімдісін тандау.**

Оқпандардың құрылысының технологиялық үлгілері деп – оқпан құрылысын жүргізгенде белгілі бір кеңістікте, белгілі бір уақыт аралығында, белгілі бір кезекпен тау жыныстарын жыныстарды қазып алу, оқпанның қабырғаларын бекітпелеу және оны арқаулау жұмыстарының жиынтығын атайды.

Оқпанның құрылысын жүргізу барысында тау жыныстарын қазып алу және бекітпелерді орнату реттеріне қарай технологиялық үлгілер үш топқа бөлінеді:

1. Тізбекті – оқпан өту кезінде тау жыныстарын қазып алу және бекітпелеу жұмыстары оқпанның бір бөлімшесінде алма кезек бірінен соң бірі атқарылады.

2. Параллельді – оқпанның құрылысы кезінде жұмыстар оқпанның бірнеше буын-бөлімшесінде қатар жүргізіледі. Сонымен қатар, бұл технологиялық үлгінің үш түрі болуы мүмкін

а) оқпан забойына уақытша бекітпелер орнату арқылы:

ә) оқпанды бөлімшелерге бөлмей таужыныстарын қазу жұмыстарын оқпанға тұрақты бекітпелерді, қазба забойы жылжыған сайын төмен қарай жылжып отыратын уақытша бекітпелердің рөлін атқаратын аспалы темір қалқандарды қолдана отырып, орнату жұмыстарымен қатар бір мезгілде жүргізу арқылы;

б) уақытша бекітпелерді орнатпастан қазба жүргізу арқылы.

Біріктірілген – жыныстарды қазу және бекітпелерді орнату жұмыстары бір мезгілде жүргізіледі.

Оқпанның құрылысын біріктірілген және параллельді-қалқанды технологиялық үлгілерін қолдана отырып жүргізгенде оқпанды арқаулау жұмыстарын оқпанды қазу және бекіту кезінде қатар немесе оқпан толық теңелдігіне өтіліп болғаннан кейін атқаруға болады.

Кей кезде жыныстарды қазып алу, оқпанды бекітпелеу және арқаулау жұмыстары қатар жүргізіледі.


Оқпанның құрылысын осы тәсілмен жүргізгендегі қол жеткен ең жоғарғы көрсеткіш айына 92 м.

Оқпандардың құрылысын көп жағдайларда (95-98%), іс жүзінде, оқпан салудың негізгі операцияларын кешенді түрде механикаландыра отырып, біріктірілген технологиялық үлгіні қолдана отырып, жүргізеді деп жоғарыда айтып өттік. Бірақ-та, терең оқпандардың құрылысын (800-1500 м) тұрақты жыныстардың сілемінде жүргізгенде параллельді – қалқанды технологиялық үлгіні қолданған тиімді.

Бұл дипломдық жобада орташа оқпан өту тереңдігі берілген яғни 560 метр, сондықтанда өндіріс тәжірибесіне сүйене отырып, біріктірілген технологиялық үлгіні қолдана отырып, жүргіземіз.

## 2.4 Оқпан аузын салу

Дайындық кезеңінде оқпанның аузының құрылысы жүргізіліп, оған әрі қарай оқпан өтуге қажетті, технологиялық жабдықтар орнатылады. Оқпанның аузының құрылысы жер бетінен басталатын болғандықтан, ол, көбінесе, жұмсақ шөгінді, кейде сулы, тұрақсыз, жыныстар сілемінде салынады. Мұндай жыныстардың қалыңдығы кейде ондаған метрге дейін барады. Оқпан аузының тереңдігі жобаға сәйкес алынады. Оны жобалау кезінде оқпан аузының тірек тәжі (опорный венец) қатты, тұрақты жыныстар сілемінде орналастырылмай қылып алады. Ол үшін алдын-ала инженерлік зерттеулер жүргізіледі. Әдетте, оқпан аузының тереңдігі 10-30 аралығында болады. Оқпан аузының көлденең қимасының таза ауданы осы оқпанның қимасының таза ауданына тең болады.



2.4.1 Сурет – Оқпанның аузының құрылымдарының кейбір түрлері

Оқпанның аузы оның бас жағы (оголовник, воротник) 1, орта бөлігі 2 және тірек тәжі (опорный венец) 3 сияқты бөлшектерден тұрады (2.4.1 а-сурет). Оқпан аузының бас жағы мен тірек тәжі тік бағытта түскен қысым-күштерді қабылдап алып, оларды өздерін қоршаған жыныс сілеміне береді.

Оқпан аузында көтерім діңінің балкасы еңгізілетін, желдету және жылу берілетін, кабель мен трубалар өтетін және т.с.с. оқпан жүргізудің технологиялық жұмыстарын атқаруға керекті қуыстар орналасады.

Оқпанның аузын әдетте, тұтас темірбетон және ішінара бетонмен, металл немесе темірбетон тубинг бекітпелерімен бекітеді. Бекітпенің қалыңдығын және оқпанның бас жағымен тірек тәждерінің қалыңдықтарын



оларға түсетін қысым-күштердің шамасына, оқпанның диаметріне және оқпанның ауызында қалдырылған қуыстардың өлшемдеріне байланысты анықтап алады.

## 2.5 Оқпанның ұзнабойының бекітпесінің қалыңдығын есептеу

Оқпан қазбасының бекітпелері оқпанды қоршаған таужыныстарының опырылып құлауынан қорғайды және оқпанның көлденең қимасының өлшемдерінің бүкіл пайдалану мерзімінде өзгермеуін қамтамасыз етуге тиісті. Оқпанның бекітпелеріне мынадай талаптар қойылады: оқпанның бекітпесі оның бүйірлеріне таужыныстарынан түсетін қысым-күштерге төтеп беріп, жарықшақсыз және опырылып түспей бір қалыпты бүкіл пайдалану уақыты бойынша тұруы керек. Бекітпе материалдарын оқпанның қызмет істеу уақытына сәйкестеп таңдап алады.

Массивтің сығылуға мықтылық шегін төмендегі формула бойынша есептеп, таужыныстардың тұрақтылық критерийін анықтаймыз:

$$C = \frac{K_{сб} * K_{ц} * K_{п}}{26,3 + K_a * R_{сж} * (5,25 + 0,0056 * K_a * R_{ж})} = 3,1 > 3 \quad (2.5.1)$$

Жыныстар орташа орнықты

мұнда  $K_{сб}$  – оқпанға басқа қазбалардың әсерінің коэффициенті, оқпанның ұзына бойында  $K_{сб}=1$ , тоғысу жерлеріне  $K_{сб}=1,5$ ;

$K_{ц}$  – оқпанға тазарту жұмыстары әсерінің коэффициенті, бұлардың әсері болмағанда  $K_{ц}=1$ , тазарту жұмыстары әсері болғанда  $K_{ц}$  арнайы зерттеу мекемелерінің ұсынысымен алынады;

$H_p$  – қазбаның жобалық тереңдігі, м;

$K_1$  – жобаланатын қазбаның жұмыс уақытының әсер ету коэффициенті, шахта оқпандары үшін  $K_1=1$ , басқа қазбаларда  $K_1=0,9$ ;

$K_a$  – жыныстардың жатыс бұрышының ( $\alpha$ ) әсер ету коэффициенті, жазық жатқан жыныстарда  $K_a=1$ , басқа жағдайларда  $K_a$  төмендегі тәндікпен табылады:

$$K_a = \frac{1}{1 + 0,5 \sin \alpha} = \frac{1}{1 + 0,5 \sin 70} = 0,68 \quad (2.5.2)$$

$R_{сж}$  – тау жыныстары массивінің мықтылығы.

$$R_{сж} = \delta_{сж} * K_c * \xi = 12 * 10^7 * 0,8 * 0,6 = 57,6 \text{ МПа} \quad (2.5.3)$$

мұнда;  $\sigma_{сж}$  – бір остік сығылу күші

$$\sigma_{сж} = 10^7 * f = 10^7 * 12 = 120 \text{ МПа} \quad (2.5.4)$$

Кс-Құрылымдық әлсіреу коэффициенті  
 ζ-ұзақ мерзімді беріктілік коэффициенті  
 Бекітпенің қалыңдығы

$$\sigma = m_y r_c \left( \sqrt{\frac{m_1 m_3 m_7 R_{сж}}{m_1 m_3 R_{сж} - 2 K_p P_{п}} - 1} \right) - \sigma_{пб} = 1,25 * 3 * \left( \sqrt{\frac{1 * 0,85 * 0,95 * 21,5}{1 * 0,7 * 0,85 * 57,6 - 2 * 1,6 * 1,19}} - 1 \right) - 0,25 = 258 \text{ мм} \quad (2.5.5)$$

мұнда;  $m_y$ -бекітпенің жұмыс істеу шарттары коэффициенті; 1,25  
 $r_0$ -тік қазбаның сәулелі радиусы;  
 $m_1$ -түсетін күшті анықтау коэффициенті; 1  
 $m_3$ -температуралық ауытқуларды анықтайтын коэффициенті; 0,7-0,95  
 $m_7$ -бетондау шарттары коэффициенті; 0,85  
 $R_{сж}$ -бетонның бір остық сығылу мықтылығы 21,5 кПа  
 $P_n$ -жазық қысым; кПа

$$P_{п} = n * m_y * n_H * P_H (1 + 0,1(r_0 - 3)) = 1,3 - 1,25 * 2,25 * 328(1 + 0,1(3 - 3)) = 1019 \text{ кПа} \quad (2.5.6)$$

$P_H$ -бекітпеге түсетін таужынысы жазық қысымы, кПа.

$$P_H = 10((2C - 1) + \Delta) = 10(2 * 3,1 - 1) + 2 = 52 \text{ кПа} \quad (2.5.7)$$

$\Delta$ -қазба жұмыстарының параметрлерін ескеретін коэффициент.

$C \leq 6, \Delta = 2$

$n$ -артық күш жұмысау коэффициенті. 1,3

$n_H$ - бекітпеге түсетін қысым эрjүрінің есептеу нәтижелері коэффициенті

### 2.5.1 Кесте – Оқпан тереңдігіне байланысты бекітпе қалыңдығы

Оқпанның тереңдігі, м	Бетон бекітпенің қалыңдығы жыныстардың жатыс бұрышына байланысты, мм	
	35 <sup>0</sup> қа дейін	35 <sup>0</sup> тан үлкен
500 – ге дейін	200	250
500 – ден үлкен	250	300

Бекітпенің қалыңдығын 300мм деп қарастырамыз.

Ұзындығы 175 мм

Салмағы 250 г

ЭД-КЗ-ПС типті сақтандырғыш электрдетонаторы қолданылады.

## 2.6 Атылғыш заттардың шығыны

Атылғыш заттарды және аттыру құралдары

№1 жартастық аммонит

Суға тұрақты

Жұмыс қабілеттілігі 450см<sup>3</sup>

Тығыздығы 1,45 г/см<sup>3</sup>

Диаметрі 36 мм

Атылғыш заттардың меншікті шығынын анықтауға арналған белгілі формулалардың ішіндегі ең көп қолданылатыны проф. М.М. Протоdjяконовтың формуласы:

$$q = q_1 * f_0 * V_3 * e * m = 1.95 * 2.0 * 0.7 * 0.84 * 0.88 = 2 \text{ кг/м}^3 \quad (2.6.1)$$

мұнда  $q_1$ - таужынстарының беріктіктеріне  $f$  –ға байланысты алынатын АЗ-тың меншікті шығыны, кг/м<sup>3</sup>;

$f_0$  – таужыныстарының құрылымдық коэффициенті;

$V_3$  – аттыру кезіндегі таужыныстарының қысылу коэффициенті, оның мәні оқпанның көлденең қимасының ауданына, шпурлардың тереңдігіне және забойдағы ашылған жазықтықтарға байланысты болады;

$e$  – АЗ жұмыс қабілеттілігінің коэффициенті;

$m$  – патронның диаметрінің АЗ шығынына тигізетін әсерін ескеретін коэффициент.

Шпур тереңдігін мына формула арқылы анықтаймыз:

$$l = 1.2 \sqrt[3]{S_k} - 0.004 S_k * f = 1.2 * \sqrt[3]{58} - 0.004 * 58 * 12 = 1.85 \text{ м} \quad (2.6.2)$$

Таужыныстарын аттыру кезінде олардың қысылу коэффициентін  $V_3$ :

$$V_3 = \frac{3l}{\sqrt{S}} = \frac{3 * 1.85}{7.6} = 0,7 \quad (2.6.3)$$

мұнда  $l$  – шпурлардың орташа тереңдігі, м;

$S_{ж}$  – оқпанның көлденең қимасының жалпы ауданы, м<sup>2</sup>.

Атылғыш заттың жұмыс қабілеттілігін мына қатынастан табады:

$$e = \frac{A_{\text{Э}}}{A_{\text{П}}} = 3800/4500 = 0,84 \quad (2.6.4)$$

$A_n$  – қолданылатын АЗ жұмыс қабілеттігі, кДж/кг.

Атылғыш заттың шығынына оның патронының диаметрінің тигізетін әсерін ескеретін коэффициентті анықтау:

$$m = \frac{32}{d_n} = \frac{32}{36} = 0.88 \quad (2.6.5)$$

мұнда АЗ эталондық диаметріне – 32 мм патрон алынған;

$d_n$  – қолданылатын АЗ патронының диаметрі, мм

Бір цикл өтуге (заходка) жұмсалатын АЗ-тардың жалпы шығынын мына формуланы қолдану арқылы табуға болады:

$$Q = q * V = q * l * S_{ж} = 2 * 1,85 * 58 = 215 \text{ кг} \quad (2.6.6)$$

мұнда V – бір заходкада (циклде) алынатын таужыныстарының көлемі, м<sup>3</sup>;

Шпурлардың санын мына формула арқылы табуға болады:

$$N = \frac{1.27 * S_{ж} * q}{a * \Delta * d^2 * K} = \frac{1.27 * 58 * 2}{0.65 * 4500 * 0.036^2 * 0.85} = 82 \text{ дана} \quad (2.6.7)$$

Бір шпурға оқталатын АЗ орташа мөлшері:

$$Q_1 = \frac{Q}{n} = \frac{215}{82} = 2,6 \text{ кг} \quad (2.6.8)$$

Оқпанның көлденең қимасының 1 м<sup>2</sup> ауданына шаққандағы шпурлардың саны:

$$N_y = \frac{N}{S_{ж}} = \frac{82}{58} = 1,4 \quad (2.6.9)$$

мұнда  $S_{ж}$  – оқпанның көлденең қимасының жалпы ауданы, м<sup>2</sup>.

## 2.7 Шпурлардың забойда орналасу схемалары

Үңгіме шпурлардың санын және олар орналасатын шеңберлердің диаметрлерін [1] 5.8-кестеден қабылдадым

$$D_y = 2 \text{ м}$$

$$N_y = 9 \text{ дана}$$

Қопарушы шпурлар орналастыратын шеңберлердің санын мына формуланы қолдану арқылы анықтауға болады:

$$n_o = \frac{D_{\text{ж}} - D_{\text{y}} - 2 * C}{2 * W} - 1 = \frac{8,6 - 2 - 2 * 0,3}{1,9} - 1 = 2 \quad (2.7.1)$$

мұнда  $D_{\text{ж}}$  – оқпанның жалпы көлденең қимасының диаметрі, м;  
 $D_{\text{y}}$  – үңгіме шпурлар орналасқан шеңбердің диаметрі, м;  
 $C$  – жиектеуші шпурлар мен оқпанның ішкі жиегінің өзара қашықтығы (шпур мен қазба қабырғасының арасындағы қашықтық), м;  
 $W$  – концентрлі шеңберлердің өзара қашықтығы, м.

$$W = a = 1,13 \sqrt{\frac{S_{\text{ж}}}{N}} = 1,13 * \sqrt{\frac{58}{82}} = 0,95 \text{ м} \quad (2.7.2)$$

мұнда  $a$  – бір шеңбер бойында орналасқан шпурлардың өзара қашықтықтары, м;

$S_{\text{ж}}$  – оқпанның көлденең қимасының жалпы ауданы, м<sup>2</sup>;

$N$  – шпурлардың саны.

Жиектеуші шпурлар орналасатын шеңбердің диаметрінің мәні:

$$D_{\text{жиек}} = D_{\text{ж}} - 2 * C = 8,6 - 2 * 0,3 = 8 \text{ м}$$

Егер қопарғыш шпурларды екі шеңбердің бойына орналастыратын болса қ, онда:

$$D_{\text{к}}^{\cdot} = D_{\text{y}} + \frac{(D_{\text{жиек}} - D_{\text{y}})}{3} = 2 + \frac{8-2}{3} = 4 \text{ м} \quad (2.7.3)$$

$$D_{\text{к}}^{\cdot\cdot} = D_{\text{y}} + \frac{2 * (D_{\text{жиек}} - D_{\text{y}})}{3} = 2 + \frac{2 * (8-2)}{3} = 6 \text{ м} \quad (2.7.4)$$

Әрбір шеңбердегі шпур санының формуласын [1] 5.10-кестесінен қабылданды

$$N_{\text{к1}} = 0,21 * (N - n_{\text{y}}) = 0,21 * (82 - 9) = 15 \text{ дана} \quad (2.7.5)$$

$$N_{\text{к2}} = 0,3 * (N - n_{\text{y}}) = 0,3 * (82 - 9) = 22 \text{ дана} \quad (2.7.6)$$

$$N_{\text{ж}} = 0,49 * (N - n_{\text{y}}) = 0,49 * (82 - 9) = 36 \text{ дана} \quad (2.7.7)$$

Қопарғыш (көмекші) шпурларға оқталатын атылғыш заттардың мөлше рі, қазба жүргізудің бір цикліне жұмсалатын АЗ-дың барлық шпурлардың са нына бөлгендегі орташа көрсеткішке тең етіп алынады:

$$q_{\kappa} = \frac{Q}{N} = \frac{215}{82} = 2.6 \text{ кг} \quad (2.7.8)$$

Жиектеуші шпурларосы орта көрсеткіштен 15-20%-ға кем мөлшерде оқталады. Үңгіме шпурларорта көрсеткіштен 15-20%-ға артық атылғыш заттармен оқталады.

$$q_{\text{ж}} = q_{\kappa} - 15\% = 2,21 \text{ кг} \quad (2.7.9)$$

$$q_{\gamma} = q_{\kappa} + 20\% = 3.12 \text{ кг} \quad (2.7.10)$$

Қазбаның бір циклін жүргізуге жұмсалған атылғыш заттардың шығыны мына формула бойынша анықталады:

$$Q_{\phi} = n_{\gamma}q_{\gamma} + n_{\kappa}q_{\kappa} + n_{\text{ж}}q_{\text{ж}} = 9 * 3,12 + 37 * 2,6 + 36 * 2,21 = 205 \text{ кг} \quad (2.7.11)$$

## 2.8 Шпурларды бұрғы қондырғыларымен бұрғылау.

Шпурларды бұрғылауға жұмсалатын уақытты және бұрғышылардың санын азайту үшін, сонымен қатар олардың еңбегін жеңілдету үшін бұрғы қондырғылары қолданылады. .

ЦНИИподземмаш ұжымы (Россия) жасап шығарған БУКС типті бұрғы қондырғылары осы талаптарға сай келеді.[1]

Мен БУКС-1у5 типті бұрғы қондырғысын таңдап алдым

Бұрғы қондырғыларының сипаттамалары:

Оқпанның таза диаметрі, 4–9 м

Бұрғы машиналарының саны 2-5

Бұрғыланатын шпурлардың тереңдігі, <4,4 м

Қондырғы бұрғыбасының жылжу шамасы (автоподача), 4500 мм

Итеру күші, 8,8 кН

100 м шпурды шайып жууға жұмсалатын су мөлшері, 1 м<sup>3</sup>

Сығылған ауаның жұмсалуды, 45 м<sup>3</sup>/мин

Бұрғы машиналарының бұрылу бұрыштары, 20 градус

Шпурлардың өзара қашықтығы, 600–800 мм

Бұрғы қондырғысының тасымалдау кезіндегі өлшемдері, 9,115 м

Қабық-шеңберінің диаметрі, 1,25–2,05 м

Массасы, 10,8 т

БУКС және СМБУ типті бұрғы қондырғыларының өнімділігін мына формула арқылы табуға болады:

$$Q = \frac{60 * n * K_q * V_n * \varphi}{1 + V_t + t_k} = \frac{60 * 5 * 0.9 * 1 * 0.85}{1 + 0.7 + 1.5} = 72 \text{ м/сағ} \quad (2.8.1)$$

мұнда n – қондырғыдағы бұрғы машиналарының саны;

$K_q$  – бұрғы қондырғысының жұмысқа дайындық коэффициенті (әдетте,  $K_q = 0,8 \div 0,9$ );

$\varphi$  – бұрғы машиналарының бір мезгілде қатар істеуін ескеретін коэффициент (әдетте,  $\varphi = 0,7 \div 0,8$ ).

$V_t$  – бұрғы машинасының шпурларды бұрғылау кезіндегі техникалық жылдамдығы, оның мәні таужыныстарының беріктік коэффициенттеріне тәуелді. Шпурларды бұрғылау жылдамдығын ( $V_t$ ) 0,7 м/мин

$t_k$  – шпурдың 1 метріне шаққандағы, бұрғылау кезінде көмекші жұмыстарға жұмсалатын уақыт мөлшері, мин; Таужыныстарының беріктік коэффициенті  $f < 10$  болса, онда  $t_k < 1 \div 1,5$  мин.; ал егер  $f \geq 10$ , онда  $t_k = 1,5 \div 2$  мин;

Оқпан забойындағы барлық шпурларды бұрғылауға жұмсалатын уақыт:

$$t_b = \frac{N * l}{Q} + t_{пз} = \frac{82 * 1,85}{72} + 0,66 = 2,2 \text{ сағ} \quad (2.8.2)$$

мұнда  $N$  – шпурлардың саны;

$l$  – шпурлардың орташа тереңдігі, м;

$Q$  – бұрғылау өнімділігі, м/сағ;

$t_{п.з.}$  – бұрғылау алдындағы дайындық және бұрғылап болғаннан кейінгі жұмыс орнын және бұрғы қондырғысын жинауға жұмсалатын уақыт.  $t_{п.з.} = 40 \div 60$  мин.

Шпурларды оқтауға және аттыруға жұмсалатын уақытты мына формула арқылы анықтауға болады

$$T_o = \frac{N * t_o}{\varphi_o * n_o} + t_q = 1,7 \text{ сағ} \quad (2.8.3)$$

мұнда  $t_o$  – бір шпурды оқтауға және оның электр желісін тарту мен тексеруге жұмсалатын уақыт, мин.

$\varphi_o$  – оқтау жұмыстарының қатар жүргізілуін ескеретін коэффициент, оның мәні 0,7–0,85 ( $n_o$  -ға байланысты).

$n_o$  – шпурларды оқтауға қатысушы жұмыскерлердің саны;

$t_q$  – шпурларды оқтауға дайындық және оқтау жұмыстары біткеннен кейін жұмыс орнын жинауға жұмсалатын уақыт, әдетте 25–30 мин;

Бұрғылап-аттыру жұмыстарын жүргізуге жұмсалатын барлық уақыт:

